

## Украинадағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 23 тамыз N 947

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әзірбайжан Республикасында, Армения Республикасында, Беларусь Республикасында, Грузия Республикасында, Қырғызстан Республикасында, Молдова Республикасында, Түркменстанда, Өзбекстан Республикасында, Украинада Қазақстан Республикасының Елшіліктерін ашу туралы" 1993 жылдың 9 қаңтарындағы N 1057 U931057\_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Украинадағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны 10 адам болып бекітілсін.
2. Украинадағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық шет ел валютасындағы жалақысы айына 700 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.
- Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Украина Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшісінің шет ел валютасындағы жалақысының негізінде штат кестесіне сәйкес белгіленсін.
3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге олардың АҚШ долларындағы еңбек ақы қорынан 1 процент мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.
4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Украинадағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат кестесі мен шығын сметасын бекітсін.
5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсаттарға 1994 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен қаражат бөлуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі